



Ақкетік арайы

№41 (1317)
7 қазан 2025 жыл



Kaspi QR



Halyk QR

Газет әр аптаның сейсенбі күні шығады

Газет 1931 жылдың 5 тамызынан шыға бастады



e-mail: akketikaraii@mail.ru

ҚҰРМЕТ

ҚАРТЫН СЫЙЛАҒАН ЕЛ – ҚАДІРІН БІЛГЕН ЕЛ



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРТТАР КҮНІНЕ ОРАЙ, САЙЫН ШАПАҒАТОВ АУЫЛЫНДА АРДАГЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН БІРҚАТАР ТАҒЫЛЫМДЫ ІС-ШАРАЛАР ӨТТІ. МЕРЕКЕ АЯСЫНДА АУДАН ӘКІМДІГІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ҚАТЫСУЫМЕН ОБЛЫСТЫҚ ҚАРТТАР ҮЙІНДЕ МЕРЕКЕЛІК ШАРА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.

Мәдениет үйінің өнерпаздары аға буынға арнап дәстүрлі әндер мен жырлардан шашу шашты. Шараға аудан әкімінің орынбасары, ауыл әкімі және қонақтар қатысып, қарттармен емен-жарқын жүздесті. Аудан әкімінің орынбасары Ө.Тоқтағанұлы құттықтауында ардагерлерге ізгі тілегін білдірді:

– Қадірлі ардагерлер! Сіздерді Халықаралық қарттар күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл күн – елдің өсіп-өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан сіздерге деген шынайы алғыс пен терең құрметтің белгісі. Сіздерге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, шуақты күндер тілеймін! – деді.

Іс-шара барысында ардагерлер үшін арнайы жайылған мерекелік дастарханнан дәм ұсынылды.

Осы күннің аясында ардагерлер арасында шахмат пен дойбыдан спорттық жарыстар да ұйымдастырылды. Бұл сайыстарда ардагерлеріміз ақыл-парасат пен өмірлік тәжірибеге негізделген шебер қиымдарымен көзге түсіп, ұтымды ойлау қабілетін көрсетті. Күнделікті өмірде жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беріп жүрген қариялар спорт алаңында да белсенділік танытты.

Жарыс нәтижесінде үздік ойыншылар арнайы мақтау қағаздарымен ма-

рапатталып, озық шыққан қатысушылар облыстық кезеңге жолдама алды.

Шахмат пен дойбы – тек ойын ғана емес, ой-өрісті дамытатын, төзімділік пен табандылыққа баулитын спорт түрлері. Бұл жарыстар ардагерлердің белсенді өмір салтын ұстанатынын, қоғам өміріне бейжай қарамайтынын көрсетті.

Шара соңында қарттарға құрмет көрсетіліп, тағы да мерекелік дастархан жайылды. Сонымен қатар, ауданға қарасты барлық елді мекендерде де ардагерлерге арналған тағылымды кештер өткізіліп, сый-құрмет көрсетілді.

ТЫНЫС

1 ҚАЗАН КҮНІ
САЙЫН ШАПАҒАТОВ
АУЫЛЫНДА ЖАҢА ҚОСАЛҚЫ
СТАНСАМЕН ӘУЕ ЭЛЕКТР БЕРУ
ЖЕЛІСІНІҢ ІСКЕ ҚОСЫЛУ
РӘСІМІ ӨТТІ. БҮЛ НЫСАН
10 МЫҢНАН АСТАМ ТҮРҒЫНЫ
БАР АУЫЛДЫ СЕНІМДІ ЭЛЕКТР
ЭНЕРГИЯСЫМЕН
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТПЕК.



ЖАҢА ҚОСАЛҚЫ СТАНСАСЫ

Жаңа станса Ақтау қаласынан 30 шақырым жерде орналасқан ауылдың электр жүктемесін толық өтеп, болашақта тұтынудың артуына да дайын. Бұл — аймақтағы энергия тапшылығын болдырмау мен өмір сапасын арттыруға арналған маңызды стратегиялық қадам. «МӨЭК» АҚ Басқарма төрағасы Қасымхан Сыздықов жаңа нысанның өңірлік инфрақұрылымды дамытуға қосымша қуат беретінін атап өтті. Қосалқы станса заманауи халықара-

лық стандарттарға сай жабдықталып, бекітілген инвестициялық бағдарлама аясында салынды. Мұнда 2х10 МВА қуаттылығындағы трансформаторлар орнатылған.

Аудан әкімі Ержан Күмісқалиев бұл жобаның әлеуметтік маңыздылығына тоқталып:

— Жаңа станса ауыл халқы үшін ғана емес, болашақта оның экономикалық және әлеуметтік дамуына серпін береді, — деді. Қосалқы станса «МӨЭК» АҚ диспетчерлік орталығымен байланыстырылған. Басқару жүйесі нақты уақытта ақпарат беріп, желінің жай-күйін бақылауға мүмкіндік береді. Бұл электр энергиясын бөлу мен тұтынуды тиімді басқаруға жол ашады.

«МӨЭК» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Мұрат Иманов: — Құрылыс-монтаж жұмыстары толық аяқталып, нысан пайдалануға берілді. Бұл — кәсіби ұжым еңбегінің нәтижесі. Қосымша қуат шағын және орта бизнесті дамытуға жол ашады, — деп атап өтті.

Айта кетейік, бұған дейін ауылды «Ақшұқыр» және «Әуежай» қосалқы стансалары қамтамасыз етіп келген. Алайда тұрғын үй құрылысы, әлеуметтік нысандар мен кәсіпкерліктің дамуына байланысты жүктеме артқан соң, жаңа қосалқы станса салу қажеттігі туындады.

Ринат ТЕМІРХАН.

АУДАННЫҢ ЖАРШЫСЫНА ЖАЗЫЛАЙЫҚ

Қазан айының басында «Маңғыстау-Медиа» ЖШС 2025 жылға облыстық және аудандық басылымдарға жазылу науқанын бастады. Жазылу науқаны басталысымен ауданымыздың ақпарат жаршысына айналған «Ақкетік арайы» газеті өзінің оқырмандарына жазылу науқанының басталғанын хабарлайды, ауданның әр жаңалығын хаттап, таспалап, тарихқа айналдырып отырған редакция ұжымы аудан газетінің үнінің әр адамға, әр ауылға жеткенін қалайды. Жақсылықты жар салып қуана білетін, жамандыққа жаны күйіп, сынға алса сыналау үшін емес, түзелу жолында ұсынатын редакция жұмысы ауданның игілігі мен дамуы үшін. Сондай-ақ, редакция келер жылы өзінің 95 жылдық ғасырға жуық тарихын атап өткелі отыр. Тарихында түрлі тоқырауды көрген басылымның ендігі өміршеңдігі мен оқилуы да оқырман қауым қолында. Сондықтан ауданның барша азаматтарын газетімізді қолдап жазылуға, жазып тұруға шақырамыз!



Баспасөз – халықтың рухани азығы. Газет оқитын адам – көкірек көзі ашық, елдің шынайы жаңалығын сезіне білетін азамат. Сондықтан «Ақкетік арайы» газетіне жазылып, аудандағы тыныс-тіршілікті бірге бақылау – әрбір түп-қағандық үшін жағалық көшінен қалмау! Баспасөз – елдің айнасы, тарихи шежіресі, өткен мен бүгінді жалғайтын алтын көпір. Осы тұрғыдан алғанда, аудан тұрғындарының белсенділігі артып, алдағы жазылу кезінде де аудан азаматтары «Ақкетік арайы» газетіне жазылудан қалыс қалмайды деп сенеміз. Тарихы терең басылымның тұрақты «түбекті түлеткендер», «еңбек адамы», «тарих тағылымы» сынды салмақты айдарлары мен қатар «мәселе», «сұқбат» сынды айдарларынан қазіргі мәселенің негізін анықтап, сынмен саралануға, жаңа жолға бағыт алуға болатынын ұғынуға болады. Әр жазба ертеңгі тарих хронологиясының тармағы мен тізбегі. Демек қоғам пульсын дер кезінде сезініп, дер кезінде ұғынып, үн қосу – әр аудан тұрғынының азаматтық борышы.

«Маңғыстау-Медиа» бірлестігінің ұйымдастыруымен өтетін кеңейтілген кеңесте, бұл заман талабына сай басылымдардың шынайы өмірмен үндесіп жатқанын көреміз. Жаңа үлгі, жаңа тақырып, мазмұн бай. Газеттерде ел дамуының өзекті мәселелері, тарихи-танымдық материалдар мен ұлттық құндылықтарды ұлықтаған мақалалар тұрақты жарияланып жатыр. Әсіресе жастар үшін тәрбиелік мәні зор дүниелердің көптеп жазылуы әр оқырманды қуантады деп сенеміз.

«Ақкетік арайы» газетіне редакция арқылы жазылу – ең тиімді тандау. Бір жылдық жазылым құны – бар болғаны 5520 теңге. Қазіргі нарықтық экономикада мұндай қолжетімді бағаны сақтау – басылымның оқырманға деген мүмкіндігін ескеруге болады. Заман көшіне ілесіп, газетке Kaspi.kz пен Halyk Bank мобильді қосымшалары арқылы да жазылуға болады. Яғни, енді поштаға немесе редакцияға барудың қажеті жоқ – үйде немесе жұмыста отырып-ақ бірнеше минут ішінде жазылып алу мүмкіндігі бар. Бұл – уақытты үнемдеп, тиімді әрекет еткісі келетін оқырман үшін таптырмас мүмкіндік. Бағасы қолжетімді – сапасы жоғары! Жазылманың дәстүрі жалғасын табары сөзсіз. Тек дер кезінде жазылып, жаңа жылдан бастап «Ақкетік арайының» тұрақты оқырманы болуға ниет пен ықылас болса жеткілікті.

Милана ЕЛЕУСІНОВА,
«Ақкетік арайы» газетінің редакторы.



■ МЕДИЦИНА

СЭС – САУЛЫҚТЫҢ САҚШЫСЫ

ӨТКЕН АПТАДА
САНИТАРЛЫҚ-
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ
КӘСІБИ МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ
САЛТАНАТТЫ ҚАБЫЛДАУ
ӨТТІ.

Шараға аудан әкімінің орынбасары
Өсер Тілепов қатысып, сала мамандарын
кәсіби мерекемен құттықтап, халықтың
денсаулығын қорғаудағы еңбектерін ерек-
ше атап өтті.

– Ғасырлық тарихы бар санитарлық-
эпидемиологиялық қызмет халықтың
өмірі мен денсаулығын сақтауда және
санитарлық-эпидемиологиялық
қауіпсіздікті қамтамасыз етуде рөлі ерек-
ше. Өздеріңізге мәлім, дүниежүзілік панде-
мия кезеңінде бұл қызмет қоғамға аса
қажет болып, жұмысы жаңа серпін алды.
Бүгінде санитарлық-эпидемиологиялық
жүйе аса қауіпті инфекциялармен күрес,
зертхана және дезинфекция бөлімшелері
сияқты маңызды құрылымдарды
біріктіреді. Осы орайда баршаңызға зор
денсаулық, жұмыстарыңызға табыс
тілеймін, – деді Өсер Тоқтағанұлы.

Мерекелік қабылдау барысында сала
қызметкерлеріне аудан әкімі Ержан
Күмісқалиевтің атынан Алғыс хаттар та-
бысталды.

– Биыл біздің кәсіби мерекеміз алғаш
рет атап өтіліп отыр. Осындай қолдау мен
құрмет көрсеткен аудан басшылығына
ризашылығымызды білдіреміз. Еліміздің
эпидемиологиялық ахуалы тұрақты бо-
лып, халқымыздың денсаулығы мықты
болсын, – деді санитарлық-эпидемио-
логиялық қызмет өкілдері.

Осы салада ұзақ жылдар бойы абырой-

лы еңбек етіп келе жатқан мамандардың
бірі – Қонарбаева Несибелі Ақмырзақызы.

Ол 1984 жылдан бері Форт-Шевченко
қаласында санитарлық-эпиде-
миологиялық қызмет саласында жұмыс
істеп келеді. Қазіргі таңда «Ұлттық сарап-
тама орталығы» Маңғыстау облысы бой-



ынша филиалының Түпқараған аудандық
бөлімшесінің бактериологиялық зертхана-
насында дәрігер ретінде қызмет атқарады.

Несибелі Ақмырзақызының еңбек
өтілі – 41 жылдан асты. Ол өз жұмысында
зертханалық зерттеулердің сапасын
арттыруға, жаңа әдістер мен стандарттар-
ды енгізуге ерекше мән береді. Оның
жетекшілігімен Түпқараған аудандық
бактериологиялық зертханасы 2023 жы-
лы ГОСТ ISO/IEC 17025-2019
халықаралық стандартына сәйкес аккре-
дитациядан өтті. Сондай-ақ СТ РК 15189-
2015 «Медициналық зертханалар сапасы-
на қойылатын талаптар» стандарты бой-
ынша аккредитацияға дайындық
жүргізілуде.

Еңбек жолында әріптестері мен



салалық ұйымдар тарапынан жоғары
бағаланып, Маңғыстау облысы әкімінің,
Денсаулық сақтау министрлігінің және
Ұлттық сараптама орталығының бірнеше
Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттары-
на ие болған.

Өзі ісіне адал, тәжірибелі маман ретінде
Несибелі Қонарбаева ауданның
санитарлық-эпидемиологиялық
қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісіне
айтарлықтай үлес қосып келеді.



КҮРДЕЛІ ОТА – СӘТТІ НӘТИЖЕ

АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚ АУРУХАНАНЫҢ
ХИРУРГИЯ БӨЛІМІНДЕ АУДАН ТҮРҒЫНЫНА
ЖЕДЕЛ ТҮРДЕ КҮРДЕЛІ ОТА ЖАСАЛДЫ.

Операция хирург дәрігер Гүлжайна Кеншілікова,
хирургтың көмекші мейірбикесі Айжамал Жол-
дасбаева, анестезиолог-реаниматолог дәрігер
Мейірлан Молдабеков және анестезиологтың көмекші
мейірбикесі Нұршат Таурбаеваның қатысуымен сәтті
аяқталды. Науқасқа «Псоас іріңдігін ашу және дренаждау»
операциясы жасалып, қазіргі таңда оның жағдайы тұрақты.

Айта кетейік, аталған ота мен оған дейінгі барлық
қажетті тексерулер Міндетті әлеуметтік медициналық
сақтандыру (МӘМС) жүйесі аясында тегін жүргізілді.

Ауданға келген білікті хирург дәрігер Кеншілікова
Гүлжайна Болатбекқызы – Қызылорда облысының тумасы.
Ол Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина универ-
ситетінде «Жалпы медицина» мамандығы бойынша білім
алып, кейін «Жалпы хирургия» мамандығы бойынша резидентураны тәмамдаған.

Медицина саласында он жылға жуық тәжірибесі бар жас
маман еліміздің түрлі өңірлерінде, соның ішінде Ақтөбе
мен Қызылорда облыстарындағы медициналық
орталықтар мен ауруханаларда хирург-дәрігер қызметін
атқарған. Қазіргі таңда Гүлжайна Болатбекқызы
Түпқараған аудандық орталық ауруханасында еңбек етіп,



аудан тұрғындарының денсаулығын сақтау жолында өз
үлесін қосуда.

Орталық аудандық ауруханасының бас дәрігері өз
пікірінде:

– Ауданға білікті мамандарды тарту – біздің басты
мақсатымыз. Жаңа жас маманның келуі тұрғындарға сапа-
лы медициналық көмек көрсету ісін жандандырады.
Гүлжайна Болатбекқызының тәжірибесі мен кәсіби
біліктілігі аудан халқына зор пайдасын тигізеді деп сенеміз,
– деп атап өтті директордың міндетін атқарушы Нұрбол
Мендалиев.

■ ФОРУМ

АУДАН ОРТАЛЫҒЫ ФОРТ-ШЕВЧЕНКО ҚАЛАСЫНДА
«ӘЙЕЛ ЖӘНЕ ЕҢБЕК: ҮРПАҚҚА ӨНЕГЕ, ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ»
АТТЫ АУЫЛ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ФОРУМЫ ӨТТІ.

АУЫЛ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ФОРУМЫ

Шара аудан әкімі жанындағы
Әйелдер істері және отбасылық-демо-
графиялық саясат жөніндегі аудандық
комиссияның, аналар кеңесінің, аудан-
дық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді да-
мыту және спорт бөлімінің мемлекеттік
әлеуметтік тапсырысы аясында «Jas
Senim» қоғамдық қорының ұйымдас-
тыруымен өтті.

Форум Мемлекет басшысы Қасым-
Жомарт Тоқаевтың гендерлік теңдікті
сақтау, отбасылық құндылықтарды
нығайтуға қатысты бастамаларын қол-
дау мақсатында ұйымдастырылды.
Бүгінде нәзік жандылар еліміздің әлеу-
меттік-экономикалық, мәдени және
қоғамдық өмірінде аянбай еңбек етіп
келеді. Форумға 200-ден астам қоғам

дан мерейін асқақтатып жүрген отба-
сыларды Алғыс хатпен марапаттады.
Марапатталғандардың қатарында,
«Абысын-ажын» байқауының жеңім-
паздары Баутино ауылынан Ақшо-
лақовтар отбасының келіндері, респуб-
ликалық «Мерейлі отбасы» ұлттық
конкурсының Маңғыстау облысы бой-
ынша бас жүлде иегері Баутин ауылы-
нан Шолтамановтар отбасы және атал-
ған конкурстың лауреаты Таушық ауы-
лынан Сәтенбаевтар отбасы марапат-
талды. «Мәдениетті ана – мәдениетті
ұлт» жобасы аясында ұйымдастырылған
«Құтты шаңырақ» аудандық байқауында
Форт-Шевченко қаласынан Асхат
Мендалының отбасы І дәрежелі дип-
ломға, Сайын Шапағатов ауылдық ок-



қайраткерлері, білім, медицина, мәде-
ниет саласының өкілдері, кәсіпкерлер,
жұмысшылар, көпбалалы аналар қатыс-
ты. Іс-шара еңбек майданында ерен
еңбегімен елге үлгі болып жүрген ауыл
әйелдердің құрметіне арналды.

Форум аясында аудан әкімінің
орынбасары, аудандық Әйелдер істері
және отбасылық-демографиялық сая-
сат жөніндегі комиссия төрағасы Өсер
Тілепов жыл ішінде жетістікке жетіп, ау-

ругінен Хадис Жалжанның отбасы ІІ
дәрежелі дипломға, ал Таушық ауылы-
нан Игісәт Әнетовтің отбасы ІІІ дәре-
желі дипломға ие болды. Сондай-ақ
облыстық «Ана әлді» бесік жыры бай-
қауында Форт-Шевченко қаласынан Ра-
ушан Камелова І орын иегері атанды.

Бұл марапаттар – ауданымыздағы
әйелдер мен отбасылардың еңбегі мен
бірлігін, ұлттық құндылықтарды
дәріптеудегі үлесін айшықтап көрсетті.

«УЧАСКЕ» акциясы алдын алады



Профилактика жылы аясында «ЗАҢ
МЕН ТӘРТІП» қағидатын іске асыру
мақсатында Республика көлемінде құқық
бұзушылықтардың алдын алу және
қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету
мақсатында 2025 жылдың І қыркүйек пен
І қараша аралығында «Учаске» жедел-
профилактикалық іс-шарасы өткізілуде.
Аталған іс-шараның негізгі мақсаты –
аумақтық полиция инспекторларының
халықпен тығыз қарым-қатынас орна-
тып, тұрғын үй секторын тексеру, құқық
бұзушылықтарды анықтау және оның ал-
дын алу, пробация есебінде тұрған
тұлғаларға бақылау жүргізу, сондай-ақ
қару иелерін және қолданыстағы рұқсат
құжаттарын тексеру болып табылады.

Іс-шара барысында Түпқараған аудан-
ны полиция бөлімінің учаскелік полиция

инспекторлары өздеріне бекітілген
аймақтарда: Пәтерлер мен жеке үйлерді
аралап, тұрғындармен профилактикалық
әңгімелер жүргізеді;

Қоғамдық тәртіпті бұзған тұлғалар
анықтау; - отбасылық-тұрмыстық зор-
лық-зомбылықтың алдын алу бойынша
түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

Есепте тұрған тұлғалармен түсіндіру
жұмыстарын жүргізу; Рұқсатсыз сақталған
қару-жарақ пен оқ-дәрілерге қатысты заң
бұзушылықтарды анықтау жүргізеді, -
дейді Гүлжан Байқұренова. Сондай-ақ,
бұл шаралар көптеген қылмыстың алдын
алуына септігін тигізіп отырғандығын да
айтты.

Бетті дайындаған
Р.ТЕМІРХАНОВ.